***Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы, № 2 (127)/2019, б. 69-85***
http://bulpolit.enu.kz/; E-mail: vest_polit@enu.kz

ҒТАМР 11.25.91

**Р.И.Тажибаев**
*Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті, Түркістан, Қазақстан*
*(E-mail: rashid.tazhibayev@ayu.edu.kz)*

# АҚШ-тың Еуропа Одағына қатысты ұстанған саясаты

**Аңдатпа.** Бұл мақалада АҚШ-тың әлемдік гегемонияға барар жолдағы саясаты теориялық тұрғыда түсіндіріліп, АҚШ-тың Еуропа Одағына қатысты ұстанымы соңғы кезде ЕО-та болып жатқан оқиғалар шеңберінде қолға алынған. Қырғи қабақ соғыстың бітуімен НАТО блогындағы ЕО пен АҚШ арасындағы әріптестік өзара бақталастыққа айнала бастайды. ЕО-тың өзінің саяси және әскери бүтіндігін қалыптастыру әрекеті әлемді тек полярлыдан көпполярлыға айналдырады. Ал бұл өз кезегінде АҚШ-тың гегемониясына қауіп төндіруі тұрғысынан өте маңызды.

Осыған байланысты араб көктемінің салдарынан туындаған ЕО-қа жаппай миграция, ЕО елдеріндегі сепаратистік қозғалыстың күшеюі, «Брексит» үдерісі, «Панама құжаттары», ЕО елдерінде популизм мен жеке бас және ұжымдық гедонизмнің жандануы секілді оқиғалардың маңыздылығы АҚШ-тың ЕО-қа қатысты ұстанған саясаты тұрғысынан түсіндіру әрекеті жасалды. Рим империясының күйреуіне ұқсас үдерістердің ЕО-та басталғанын немесе (сыртқы күштер тарапынан) бастатылғанын болып жатқан оқиғалар шеңберінде түсіндіріледі.

**Түйін сөздер**: АҚШ, күштерді теңестіру (баланс), Еуропа Одағы, сепаратизм, миграция, популизм, гегемония

**https://doi.org/10.32523/2616-6887/2019-127-2-69-85**

**Кіріспе.** 1991 жылы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (Кеңес Одағы, КСРО) ыдырағаннан кейін АҚШ-тың халықаралық жүйені реттейтін гегемон күш болып қалыптасуына мүмкіншілік туды. Кеңес Одағы тікелей АҚШ-тан не Батыстан туындаған күштен ыдыраған жоқ, ол өзінің саяси-экономикалық, идеологиялық жүйесіндегі кемшіліктерден, қателіктерден күйреген болатын. Оның үстіне АҚШ, НАТО аясында Батыстың дамыған мемлекеттерін КСРО-ға қарсы күресте пайдаланды. Яғни АҚШ-тың әлемде гегемон боларлықтай күші әлі қалыптаспаған деуге болады. Дегенмен АҚШ-тың әлемді билеген тек супердержава болу қажеттілігі жайлы стратегиялық жоспар *The New York Times* газетінің 8 Наурыз 1992 күнгі нөмірінде жарық көрген болатын[1]. Ал АҚШ саясаткері әрі дипломаты Г.Киссенджер, АҚШ-ты қырғиқабақ соғыстан кейінгі тек супердержава ретінде сипаттайды [2, 733 стр.]. Киссенджер барлығына ортақ, әрі барлығын қамтитын халықаралық бір жүйенің жоқ екенін айта келіп, кем дегенде төрт жүйенің бар екенін және АҚШ-тың та осы төрт жүйедегі жағдайға қарай әрекет етіп отырғанын алға тарта отырып күштерді теңестіру (баланс) саясатынан хабар беруде еді. Киссенджер, АҚШ қаншалықты супердержава болса да, әлемдегі табиғи үдеріс болған көпполярлы жүйеге алдын ала дайындық жасау қажеттілігін айтады[2]. Күштерді теңестіру саясатын ұстану супердержава емес екенін көрсетеді.

Георг Модельский жахандық жүйеде теңдессіз түрде доминат болғандарға ғана әлемдік күштер деген [3, 3-30 б.]. Бұған мысал ретінде XIX ғасырдағы Ұлыбританияның *Pax Britannica* жахандық жүйесін келтірген.

Кеңес Одағының ыдырауымен бірге АҚШ-тың НАТО-дағы одақтастары Еуропа Одағында(ЕО) АҚШ-тың ықпалынан құтылудың әрекеттері байқалады. Бұл үдерісті

АҚШ-тың әлеуметтанушы әрі саясаттанушысы С.Хантингтон былай түсіндіреді: «*одақтастардың басын қосатындай ортақ дұшпанның болмауы әлбетте өз араларындағы қарама-қайшылықтардың артуына себеп болады. Жекелеген тұлғалар, саяси партиялар, спортсмендер, компаниялар арасындағы бақталастық, бірінші орын үшін күрестің қаншалықты табиғи нәрсе екенін қабылдайтын болсақ, мемлекеттер үшін де сондай табиғи болып табылады* [4, 316 б.]. Бұл, халықаралық жүйенің АҚШ-тың жетекшілігінде тек полярлы болуына одақтастар өздерінің қарсылықтарын ерте ме кеш пе білдіретінін көрсетеді. Өйткені, барлығына ортақ бір идеологияның не дұшпанның болмауы әлемдегі мемлекеттердің сыртқы саясатта ұлттық мүдделерін көздеп еркін әрекет етулеріне қажетті алғы шартты жасайды. Бұндай жағдайда одақтастарын қайтадан өзінің төңірегіне топтастыру үшін АҚШ жаңа бір дұшпан ойлап табуы керек (терроризм секілді) немесе одақтастарымен қырғи қабақ соғыстан кейінгі әлемдегі статусты бөлісуі тиіс. Осы тұрғыда 11.09.2001 оқиғасы АҚШ-қа өзімен бақталаса бастаған одақтастарына жаңа бір нысан ретінде терроды көрсетуге себепші болды. АҚШ одақтастарымен «ортақ дұшпанға» қарсы күресуге шақырады. Дж.Буш «кім бізбен бірге емес, сол бізге қарсы» ұранымен АҚШ-тың тұралап қалған үстемдік жүргізу саясатына біраз серпін берді. АҚШ Қорғаныс министрі Д.Рамсфельд 11.09.2001 оқиғасын әлемді қайтадан белгілі бір қалыпқа, жүйеге салуға болатын мүмкіншілік ретінде қарастырды[4, 6-7 стр.].

11.09.2001 оқиғасын АҚШ-тың үстемдігін жүргізуге қажетті алғы шарттарды жасап берді деуге болады. Сонымен қатар, АҚШ-тың әлемдік гегемонияға қол жеткізу үшін мәдениеттердің әртүрлілігін де пайдалану әрекетін байқауға болады. Мысалға, С.Хантингтон «Өркениеттер қақтығысы» тезисінде әлемдегі қақтығыстарды мәдениеттердің әртүрлі болуымен байланыстыруда [5]. Бұл ұлттық мемлекеттердің халықаралық аренада басты актор ретінде ролі артатындығын көрсетеді. Өйткені, әлемдік гегемонияға қол жеткізгісі келген күштер мәдениеттердің әртүрлілігін пайдаланып, ұлттар мен топтардың арасына іріткі туғызып, түсінбеушілік пен қақтығыстарды қолдан жасайды немесе соған жағдай туғызады. Ал қақтығыстарды реттеу үшін төреші қылығында келіп, көмек қолын созады не болмаса әртүрлі шешім жолдарын ұсынады. Осылайша өзінің мүддесін жүзеге асыруға қажетті механизмдер мен алғы шарттарды қалыптастырады.

АҚШ Қорғаныс Министрінің 1992 жылғы меморандумында, *«Американың мүдделерінің жүзеге асуына кедергі болатын мемлекет не мемлекеттер тобына барлық күшпен қарсы тұру. ....Мәскеуден туындауы мүмкін қауіптің қайтадан пайда болуын тек қана алдын алып қана қоймау керек, сонымен қатар Американың одақтастарын, әсіресе Германия мен Жапония, нәтижеде тәуелді болатындай ету керек»* делінген [4, 34 б.].

Бүгінгі күні бұл жағдайды АҚШ-тың ЕО-қа қатысты ұстанған саясатынан байқауға болады.

АҚШ, Еуразия құрылығында болашақта өзінің гегемониясына қауіп төндіруі мүмкін блоктар мен мемлекеттерді әлсіретудің іс-әрекеттерін жасауда. Өйткені, Еуразия құрылығы әлемдік империялардың дүниеге келген жері. Еуразия құрылығында үстемдік еткен күштің бүкіл әлемге үстемдік ететінін ағылшын геосаясатшысы Х.Маккиндер өз еңбегінде атап өткен болатын: *«....Еуразияны иеленген бүкіл әлемге ие болады, үстемдік құрады»*[6, 142 s.].

Зб. Бжезинский, АҚШ-тың гегемониясына қауіп төндіруші қатер ретінде кезінде Американы Еуразиядан аластату қажеттілігі жайлы А. Гитлер мен И. Сталиннің құпия келісімін (қазан 1940 ж.) айрықша атап өткен [7, 13-14 б.]. Зб. Бжезинский, Еуразия құрылығында ЕО пен Ресей (не Қытай) арасындағы болуы мүмкін одақтың алдын алу керектігін айтуда. Өйткені, Еуропа Одағы өзінің саяси-экономикалық қуатымен әрі Ұлы Рим империясын жандандыру секілді тарихи миссиясымен Еуразия құрылығында АҚШ-тың гегемониясына қарсы күштердің біреуі болып табылады.

**Зерттеу әдістері.** Әлемдегі болып жатқан оқиғалар «аналогиялық», «индукциялық», «дедукциялық», «жүйелілік тәсілдеме», «сценарий құрау» мен «болжау» әдістеріне жүгіне отырып АҚШ-тың ЕО-тың күшеюіне жол бермеу әрекеттері сарапталды.

**Еуроаймаққа кіруші мемлекеттердегі дағдарыс**. Рим империясының күйреуіне көптеген себептердің бірі - ұзаққа созылған инфляция мен қаржы дағдарысы еді. Рим империясының орасан зор территориясындағы әскерлерді, горнизондарды азық-түлік, киім-кешек, ақша т.б. қамтамасыз ету үшін қазынадан орасан қаржы бөлінді. Бұған қоса қолбасшылардың, императорлар мен шенеуніктердің көңіл көтеру мақсатымен шашқан қисапсыз ақша мен жемқорлық қаржы дағдарысына себеп болды.

Екінші дүниежүзілік соғыстың шығуына басты себептердің бірі ретінде 1929 жылдың соңында АҚШ-та басталып 1939 жылға дейін созылған Ұлы депрессияны айтуға болады. Сол сияқты 2008 жылы АҚШ-та басталған қаржы дағдарысы да ЕО-та үлкен өзгерістерге себеп болды. Өйткені, 15 қыркүйек 2008 жылы АҚШ-тағы «Lehman Brothers» инвестициялық банктың банкротқа ұшырауымен басталған қаржы дағдарысы әлемдік экономикалық дағдарысқа айналды. Бұл дағдарыстан әлемдегі мемлекеттер өздерінің экономикалық әлеуеттеріне қарай әртүрлі уақытта шыға білген. Бұл дағдарыстан мемлекеттер 2015 жылға дейін толықтай шыға алмаған. Бұл дағдарыс өзінің ауқымы және салдары жағынан 1930 жылдардағы Ұлы депрессиямен тең дәрежеде. 2009 ж. әлемдік ЖІӨ тұрғысынан Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі төменгі деңгейді көрсеткен [8]. ЕО-дағы ортақ валюта евроның 1 қаңтар 2002 жылдан (11 мемлекет) қолданыла бастағандықтан бар-жоғы алты жылдың көлемі болған еді. Яғни еуроаймақтағы(ортақ валюта еуроны қолданушы) мемлекеттердің ортақ валюта аясында өзара экономикалық байланысы нығая қоймаған кезі. ЕО-дағы қаржы-несие саласындағы ортақ саясат интеграциялық даму сатысын экономикалық және валюталық одақ дәрежесіне көтерген болатын. Алайда, еуроаймақтың дағдарысқа ұшырауы ЕО-дағы интеграциялық үдерісті баяулатты.

ЕО-та 2010 жылы басталған бұл дағдарыстан ЕО елдерінен Греция, Италия, Ирландия, Португалия, Испания(ГИИПИ) қатты зардап шекті (бұларды ағылшынша шошқа мағынасында «PIGS» не «PIIGS» деп атаған). Сонымен қатар, мүше мемлекеттердің одаққа, әрі ұлттық органдардан жоғары тұратын органдардың басқару қабілетіне сенімі азая бастады. Бұл еуроаймаққа кіруге ниеттенуші мемлекеттердің үдерісін баяулатты (бұл үдеріс сыртқы күштің ұлттық сана-сезімді қоздыру, жеке тұлға мен ұжымдық гедонизмді күшейту әрекеттерінің салдарынан одан сайын жандана түсті).

Дағдарыстан банкроттық жағдайға келген Греция ЕО-тан шығуды күн тәртібіне қоя бастайды [9]. ЕО-тағы интеграциялық үдерістің зардап шекпеуі үшін әрі өздерінің мүдделерін қорғау мақсатымен одақтың локомативі Германия Грецияға қаржылай көмек беруге ұмтылды [10]. Германия ГИИПИ-дегі бәсекелестіктің әлсіреуінен осы елдердегі әлемдегі үлкен экспортерға айналды. Дегенмен, дағдарысқа байланысты ГИИПИ-дің қарызды төлеу қабілеттілігі төмендеген еді.

Ал Грецияға берілетін көмектің ең көп үлесі Германияға тиесілі еді. Германияның Ішкі Министрі Ханс-Петер Фридрих ЕО әрі Грецияның өзі үшін оның Еуро аймақтан шыққаны жақсы деген пікір білдіреді [10]. Мұндай пікір ЕО-тағы дағдарыстың билік органдарында бөлінушіліктің басталғанын көрсетіп отыр. Министр, Германияның дағдарысқа ұшыраушы мемлекеттерге көмек көрсетуге елдің қарсылықтарын біліп сөйлегендей. Германияның негізі қаржы көзі болып отырған Баварияның тәуелсіздік туралы сөз қозғауы осының дәлелі.

**ЕО-тағы миграция мәселесі**: Таяу Шығыстағы «Араб көктемінің» салдарынан туындаған және Ауғаныстан мен Африкадағы соғыс пен қақтығыстардан бас сауғалаған халық ЕО-қа ағылды. ЕО-тың менталитетіне сай келмейтін діні, ділі, тілі бөтен Таяу Шығыс пен Азия-Африка халықтары болашақта ЕО-тың мәдени бірегейлігін бүтіндей өзгертіп жіберуі мүмкін. ЕО-қа салыстырмалы түрде Рим империясының құлау себептеріне назар салайық. Рим империясындағы мәдени деградация, саяси бөліну мен қаржы дағдарысы

оларды шығыстан келген хұндардың ұлы көшіне қарсы төтеп беруіне мүмкіншілік бермеді. Мәдениеті бөлек, сенімі басқа, ұлты бөтен шығыстан келген жауынгер халық әлсіреген Рим империясына шабуыл жасап мазасын алды. Рим империясы өз кезегінде «бөліп ал да билей бер» саясаты аясында хұндардың (батыс дереккөздерінде *варварлар* деуде) басқа тайпа көсемдерімен келісімге келіп олардан жалдамалы әскер алып, өздеріне шабуылдап маза бермеген хұндарға, яғни қандастарына қарсы пайдаланады. Осылайша, уақыт өте келе Рим империясындағы әскерлердің көпшілігі жалдамалы әскерлерден (яғни варварлардан) тұрды. Әдеттегідей кезекті шапқыншылығы кезінде хұндар, Рим империясының қол астындағы жалдамалы әскер ретінде қызмет етіп жүрген қандастарымен келісімге келіп Рим империясын құлатады. Рим империясының орнына бытыраңқы феодалдық (300-ден астам) мемлекеттерден тұратын тек сөз жүзіндегі Қасиетті Рим империясы деген ат қана қалды. Бұл империяға кіретін мемлекеттер, корольдықтар, графтықтар, княздықтар, қала-мемлекеттер біртіндеп ұлттық және діни ерекшеліктеріне қарай бөлінді. Осылайша Рим империясының соңы келді. Сондықтан ЕО-қа ағып жатқан көшті «екінші хұн жорығымен» салыстыруға болар. Қазірдің өзінде ЕО-та өмір сүріп жатқан мұсылмандар баршылық. Ал миграция арқылы ЕО-қа ағылып жатқан мұсылмандарға, ЕО-дағы(Рим империясының жалдамалы әскерлері болып қызмет атқарған хұндар секілді) бауырлары әлбетте қол ұшын берері сөзсіз. Осы тұрғыдан кейбір ақпарат құралдары «жаңа варварлар Еуропаны құртады» деп даурығуда. Тіпті бұл көшті ұйымдастырушылардың да болғанын қажетті құжаттармен, айғақтармен дәлелдеуде [11]. Рим империясының хұндардың ұлы көшінен күйрегенін назарға алар болсақ, ЕО-тың менталитетіне ұйыспайтын мұсылман халықтардың көші салдарынан болашақта ЕО-тың ыдырайтынын болжауға болады. Өйткені, кезінде Рим империясы христиандар мен хұндардың өзара ішкі қырқыстары әлеуметтік біртектілік пен империяның ынтымағын, тұтастығына зиян келтірді [12].

Еуропалық ақпарат құралдары жергілікті барлау қызметтерінің берген мәліметтеріне сүйене отырып ЕО-қа мигранттардың көшін АҚШ-тың астыртын ұйымдастырып отырғанын білдірген. Атап айтқанда, Австрия журналы «Info-Direkt» репорерлері арнайы барлау қызметтерінің берген мәліметтеріне сүйене отырып ЕО-тың іргесін шайқалту үшін АҚШ-тың заңсыз миграцияға қатысы бар екенін айтуда. Араб көктемінде болған секілді АҚШ агенттері қажетті технологиялық құралдармен жабдықталған және өзінің «клиенттерімен» Twitter, Facebook и Skype арқылы байланысқа түсуде деуде[13]. Британдық газет «Times» америкалық программистердің ойлап шығарған заманауи мобильді бағдарламалар арқылы мигранттарға ЕО-тың кедендік бақылауына қатысты барлық мәліметтерді жеткізіп отырған дейді. Ал француз баспасөзі «Boulevard Voltaire» НАТО мен АҚШ-тың Ливияда жүргізген соғысы, одан кейін Сириядағы азаматтық соғыс миграцияға себеп болып отыр дейді [14]. Еуропалық ақпараттардың шындығын зерттеген Ресейлік ғалым Владимир Шалак та АҚШ пен Ұлыбританияның Twitter арқылы миграцияны ұйымдастырғанын анықтаған [15]. Демек, қазіргі заманның «хұн жорығын» ұйымдастыру арқылы ЕО-ты күйрету жоспары жүзеге асырылып жатыр.

**Брексит**. Сыртқы күштер (АҚШ) ЕО-ты әлсірету үшін «Брекситті» «демократиялық» тәсілдер қолданыла отырып Ұлыбританияның ЕО-тан бөлініп шығуын қамтамасыз еткен деуге болады. Ұлыбританияның ЕО-тан шығуы да қарапайым 50%+1 дауыс жинау тәртібіне негізделді. 23 маусым 2016 жылы референдум нәтижесінде британдықтардың 52%(51,9) ЕО-тан шығуға дауыс берді[16]. Бұл цифрды, британдықтардың ЕО-тан шығу ұстанымын әлемдік қауымдастық назарында нанымды көрсете білу үшін қолдан жасалған деп қабылдаған жөн. Яғни 85% не 95,5 % секілді күдік ояндыратын мөлшерде емес.

«Брексит» экономикалық тұрғыдан Ұлыбританияға керісінше үлкен шығын келтіреді. Бұл туралы Джордж Сорос неміс журналисіне берген сұхбатында, «*Брексит» науқаны британдықтарды адастырып отыр. Өйткені, Ұлыбритания өз экспортының жартысын ЕО-қа жіберіп отыр. Оның үстіне ЕО-тағы евро дағдарысы Ұлыбританияның*

*экономикасын төменге тартпайды, олай деу ақымақтық болар»*, - дейді [17]. Көріп отырғанымыздай, ЕО-та евро дағдарысы болып жатқанда өзінің валютасы фунт стерлингті сақтап қалған Ұлыбританияның бұдан керісінше пайдаға кенелетінін біле тұра ЕО-тан шығу әрекеті және бұқара халықтың бұны қолдауы «Брекситтің» қолдан жасалғанын әрі сайлаудың бұрмаланғанын көрсетеді. Брексит үдерісін ЕО-тың өзге мемлекеттерінде «домино эффектін» туғызу мақсатында жасап жатыр деуге болады. Бұған дәлел ретінде ЕО-қа мүше мемлекеттердегі саясатшылардың мәлімдемесін айтуға болады [18]. Экономикалық дағдарысқа байланысты Евроаймақтан шықпақшы болған Грецияны Еврокомиссия шығуы мүмкін емес деп мәлімдеме жасайды [19].

Сондай-ақ, Ұлыбританияда Брекситке қарсы саяси тұлғаларды қаралау науқаны жүрді. «Панама құжаттары» деген атпен жария болған офшорлық банк есептеріне қатысты ақпараттың арасында Ұлыбританияның премьер-министрі Дэвид Кэмеронның атының кездесуі де жай кездейсоқ емес еді [20]. Өйткені, Д.Кэмерон Ұлыбританияның ЕО-та құрамынан шықпауын қалаған тұлға болатын [21]. Ұлыбританияның біртұтастығын қалаған Д.Кэмеронның кезінде Шотландияның тәуелсіздігі үшін 18 қыркүйек 2014-те өткізілген референдум Ұлыбританияның пайдасына шешілген еді [22]. Ұлыбритания халқы мен бұқаралық ақпарат құралдарының жасаған қысымның нәтижесінде премьер-министр Дэвид Кэмерон 13 шілде 2016-да отставкаға кетуге мәжбүр болды (Д.Кэмерон отставкаға кеткеннен кейін шотландықтар тәуелсіздік алу мәселесін қайта көтере бастайды). Ал «Панама құжаттарын» жаһанға жария еткен Джорж Сорос пен АҚШ-тың халықаралық даму агенттігі (USAID) екенін Wikileaks мәлімдеуде [23]. Осылайша, АҚШ, өзіне илікпеген өзге елдің биліктегі тұлғаларын қаралау, олардың абыройын аяқ асты ету арқылы мемлекеттің жалпы саясатына ықпал жасауда.

Сондай-ақ, 2017 жылдың қараша айында Ұлыбритания ханшайымы Елизавета ІІ-нің оффшорларда жасырын ақшаларының бар екенінің дүйім жұртқа мәлім болуы да АҚШ-тың пайдасына жасалған шара деуге болады[24]. Ұлыбританияны өзімен бақталасар держава емес, өзінің жетегінде жүретін мемлекет дәрежесіне түсіру мақсаты көзделіп отыр.

**ЕО-тағы сепаратистік қозғалыстар**. ЕО-тың ыдырауына себеп болатын сепаратистік қозғалыстар әлемдік қаржы дағдарысымен қатар өрши түсті. Шотландияның Ұлыбританиядан бөлініп, өз алдына дербес мемлекет болуы жайлы 18 қыркүйек 2014 жылы референдум өткізеді. Шотландияның Ұлыбритания құрамында қалуында сол кездегі премьер-министр Дэвид Кэмерон көп күш қайрат жұмсады. Референдумның нәтижесінде 55,3 % шотландық тәуелсіздікке қарсы болды. Дегенмен де шотландықтар референдум өткізу жайлы Наурыз 2017 жылдан бастап тағы да қозғай бастады [25]. Бұнда сыртқы күштің ықпалы болуы әбден мүмкін.

Бельгияда Фламан тілінде сөйлейтін Фламан аймағы, Французша сөйлейтін ішінде біршама неміс диаспорасы бар Валон аймағы да өз алдына «отау» тігу әрекетін жасап жатыр [26]. Маусым 2010-да сайлауда 28% дауыс жинаған «Новый фламандский альянс» (N-VA) Бельгиядан бөлініп шығу мәселесін қатаң түрде көтере бастады [27].

Бельгия кішкентай мемлекет болғанымен Еуропаның жүрегі болып есептеледі. Бұған айғақ ретінде НАТО-ның штаб пәтерінің таңдауының осы мемлекетке түскенін айтуға болады.

Испанияның да Каталония және Баск деп үшке бөліну қаупі бар. Каталонияда Испаниядан бөліну үшін референдум өтті [28]. Испанияның ең бай аймағы болып есептелетін Каталониядағы 1 қазан 2017 жылы болған референдумға дауыс берушілердің 90 пайызы тәуелсіздікті жақтаған [29]. Ал Испанияның премьер-министрі Мариано Рахой референдумды «жасанды», ешқандай плебисцит болған жоқ деп мәлімдеме жасады [30]. Каталониядағы референдум туралы америкалық апталық газет «The Washington Post»-та бұл жөнінде мынадай ақпарат бар: «*Президент Трамп да Каталонияның тәуелсіздігі үшін болған қозғалысты қолдаған жоқ. Бұл аймақтың ұлтшылдарын тек Шотландияның*

*сепаратистері, Венесуэланың қуылған үкіметі, сондай-ақ өздерінің бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіншіліктері мен әлеуметтік желілерін католондық сепаратистерді қолдауға жұмылдырған Ресейдің барлаушылары мен үгіт-насихат аппараты ғана қолдап отыр. Шамасы, Мәскеу, каталондықтардың қозғалысын демократиялық Батыстың әлсіреуі мен бөлінуі үшін тағы бір құрал ретінде қарастыруда*» [31]. Ал ЕО-тың ақпарат құралдары керісінше АҚШ-тың басшылығын ЕО-тың әлсіреуіне және ыдырауына әрекет жасап отыр деуде. «*Еуропа американдық консерваторлар үшін жаңа Ирак болғалы тұр. Еуропаны қирату демек Қытайдың үстемдігінен қиыншылықтарға топ болған Құрама Штаттар үшін жаңа бай нарықтың ашылуы деген сөз. Америка әкімшілігі үшін Кеңес өкіметінің блогына қарсы тосқауыл болған біріккен Еуропа керек емес, жаулап алуға оңай бытыраңқы Еуропа қажет*» [32].

Сонымен қатар, Испаниядан өзінің тәуелсіздігін алу үшін Баск, Галисия, Валенсия, Канар аралдары, Арагон мен Андалузия кезекте тұр [33]. Сыртқы күштердің ықпалымен Испанияда «балканизация» үдерісінің бастау алып, бүкіл ЕО-қа тарап, ескі Югославияның кебін киюге итермелеп жатқанын байқауға болады.

Сонымен қатар, Италияның солтүстік шығысындағы Венеция, Верона, Падуя және Виченsaны қамтитын Венето аймағы да жақын болашақта Италиядан бөлініп шығу жоспарларын жасауда. 2014 жылдың 16-21 наурызында бейресми түрде өткен референдумға халықтың 80 пайыздан астамы қатысып Италиядан бөлінуге дауыс берген [34]. Италиядан бөлінбекші болған «Венето Республикасының» құрамына Тревизо, Венеция, Ровиго, Беллуно, Виченца және Падуя провинциялары кірген. Бұған аталмыш провинциялардың Италияның кедей оңтүстігін асырағысы келмейтіндігі және көп салық төлейтіндіктері себеп болып отыр. Аймақ басшылығы орталыққа, Римге жыл сайын салық ретінде 70 миллиард евро төлейді, ал Венетоның мұқтаждықтарын өтеу үшін 50 миллиард евро бөлінеді екен [35]. Бөлініп отырған қаржыда айтарлықтай айырмашылық жоқ. Соған қарамастан, сепаратистік қозғалыстың белең алуы сыртқы күштің ықпалының басым болғанын көрсетуде. Сауалнама заңсыз деп есептелгенімен референдумды өткізушілер келесі жолы мемлекеттік деңгейде өткізуді жоспарлап отыр [36].

ЕО-тың өз армиясын болуын қалағандардың бірі Германияның да бөліну қаупі бар. Германияның ең бай әрі өндірісті аймағы Бавария да өз алдына отау тігу жоспарларын жасап жатыр [37]. Баварияның ресми аты «Freistaat Bayern», яғни «еркін мемлекет», «еркін халық». Баварялықтар Германиядан бөлініп шыққан кезде әлдеқайда жақсы өмір суретіндерін біледі. Өйткені, Бавария 2012 жылдың соңындағы есеп бойынша Германияның қазынасына €7,3 млрд. ақша құйған. Сондықтан олар Германияның өзге федеральды аймақтарын асырағысы келмей отыр [38]. ЕО-тың өз армиясы үшін Германияның жанталасуы босқа емес. Ортақ әскери күшті, армияны құру арқылы өзінің бөлшектенуіне жол бермеуге тырысуда. Германияның көршісі әрі екі дүниежүзілік соғыста қырық пышақ болған Франция Германияның бөлінуіне қуанбаса қайғырмасы анық. Әлсіреген Германияның Францияға қарсы ЕО-та жетекші болу әрекеті Еуропада тұрақсыздыққа себеп болуы мүмкін. Ал бұл өз кезегінде АҚШ-тың Еуропаға келіп екінші «Маршалл жоспарын» жүзеге асыруға себепші болады. Яғни сырт көзге Еуропадан кеткен секілді болып көрінгенмен, шындығында қайта келу үшін араздық тұқымдарын сеуіп кетеді.

Германияда діні бір, тілі бір неміс халқының (Баварияның Германияның өзге провинциядағы немістерден айырмашылығы шамалы) бір біріне деген суықтықты Нобель сыйлығының иегері поляк Милош Чеславтың 1991 жылы айтқан мына сөзінен түсінгендей боламыз: «*Білім мен технологияның қысымымен діни сезімдердің жоғала бастағанын көру үшін Батыс мемлекеттеріндегі бай әрі жақсы қоңданған сыныпқа көз салсақ жеткілікті. Егер халықтың әсіресе жастардың діни сезімдерге деген қажеттіліктері әлі де бар болса, онда бұл діни сезімдер христиандыққа айналмайтын бағыт бағдарсыз және қолдан жасалған сезімдер*» [39, 63 s.]. Діни құндылықтардың орнын материализм

баса бастаған елдерде өзімшілдік, өзін ойлау, жеке бастық және ұжымдық гедонизмнің, дүние-байлықты өзгелерден қызғану арта бастауы сөзсіз. Бұндай жағдай тек діні бірі тілі бір неміс халқында ғана емес, ЕО-дағы өзге мемлекеттерде байқалады. Ал бұл өз кезегінде интеграцияның тереңірек жүруіне көлеңке түсіреді. Өйткені, дамыған елдерде жеке тұлғалардың проблемалары саясатқа қысым жасап, гедонистік сезімдер әлеуметтік өмірді қалыптастыруда.(Ұлыбританияның Брексит үдерісін де осы тұрғыдан қарастыруға болады). Германиядағы(ЕО-тың өзге елдеріндегі) осы жағдайды сыртқы күш(АҚШ) өз мүддесін жүзеге асыру мақсатында тиімді пайланатыны сөзсіз. Рим империясының түбіне жеткен осы мәдени гедонизм болатын.

Францияда да суверенитет шеру басталды. 13 желтоқсан 2015 ж. аймақтың «Корсика үшін» ұлтшыл блогы сайлауда жеңіске жеткеннен кейін аралдағы билік автономияның кеңейтілуін талап ете бастады. Сонымен қатар, корсикалықтар болашақта аралдың Франциядан тәуелсіздік алуы үшін референдум өткізу мүмкіншілігін қарастырып жатыр[40]. Францияның Тынық мұхитындағы Жаңа Каледония аралы да Франциядан өзінің тәуелсіздігін алу үшін үшін әрекет ете бастады [41]. Франция экономикасы мен өндірісіне қажетті кобальт, хром, марганец, никель секілді қазба байлықтар осы Жаңа Каледониядан жеткізілуде. Демек, Жаңа Каледонияның Франциядан тәуелсіздік алып өз алдына отау тігуі Францияға үлкен шығындарға себеп болғалы тұр.

ЕО-тағы саяси-экономикалық дезинтеграцияға бастайтын сепаратистік қозғалыстар Рим империясының Батыс және Шығыс ретінде екіге бөлінгені секілді тіпті одан да бетер саяси бытыраңқылыққа себеп болайын деп тұр. ЕО өзінің ішінде де осыған ұқсас бөліну бар. Мысалға, Вышеградтық төрттіктің («The European Quartet - One Melody» атауының өзі Чехия, Польша, Словакия және Венгрияның бір позицияны ұстайтынын айғақтап тұр) ЕО-тың ішінде өз алдына ерекшеленіп шығуына бірнеше себеп бар: а) ескі Кеңес Одағының ықпалында қалған, б) орта ғасырда (Қазан 1335 жылы) Чех, Польша және Венгрия королдері Австрияға қарсы экономикалық келісім-шарт жасаған. Сол келісім-шарттың нәтижесінде аталмыш үш мемлекеттің экономикасын жанданған [42]. Мүдделері бір-біріне жақын елдердің өзара тіл табысып топтасуы Одақтың келешекте бөлінуіне бастауы мүмкін.

Ал бұл өз кезегінде ЕО түсінігі мен идеологиясының жойылуына, экономикада дезинтеграцияның басталуына, ұлтшылдық пен аймақшылдықтың өрістеуіне себеп болады.

**ЕО-тың ортақ армия мәселесі**. Еуропаның ортақ армиясы болуына қарсы болып келе жатқан Ұлыбританияның ЕО-тан шығуы, яғни Брекситі ЕО елдерін ортақ армия мәселесін қайта көтеруге себепші болды. ЕО-тағы интеграциялық үдерісті одан сайын тереңдете түсуге себепші болатын ЕО-тың ортақ армиясын құру туралы ұсынысты Франция көтерді. 6 қараша 2018 ж. Франция президенті Эммануэль Макрон Europe-1 радиостациясы арқылы тікелей эфирде Еуропа елдері Ресей Федерациясы, Қытай, тіпті АҚШ-тан қорғану үшін Еуропа өзінің ортақ армиясын құру қажеттілігі туралы мәлімдеме жасайды [43]. (осы мәлімдемеден 11 күн өткеннен кейін, яғни 17 қараша 2018 жылы Францияда үкіметтің экономикалық саясаттарына қарсы басталған әлі күнге дейін саябырламаған «сары кеудеше киген» демонстранттардың қозғалысын кездейсоқ деуге болмайды). Франция президентінің бұл мәлімдемесіне Ресей, Қытай және АҚШ басшылықтары үнсіз қала алмады.

Қытай басшылығы «Еуропаға ешуақытта Қытайдан қандай да әскери бір қауіп төнген емес» деп жауап берсе, Ресей президенті В.Путин, «көпполярлы әлемді нығайту тұрғысынан орынды көтеріліп отыр» әрі «негізінен Еуропа экономикалық тұрғыдан қуатты құрылым, ал қуатты экономикалық одақ тәуелсіз болуды, қорғаныс пен қауіпсіздік саласында егемен болуды қалайды» дейді. Яғни, Қытай мен Ресей мәселеге реалистік тұрғыдан жақындап, ой тұжырымдауда. Ал АҚШ президенті Дональд Трамп Э.Макронның ұсынысын «қорлау» деп атайды. Ол АҚШ-тың әскерлері болмаса I және II. Дүниежүзілік соғыстарда Францияның жағдайы қандай болар еді? Сондай-ақ француз лидерінің бұл ұсынысын өз елінің ішіндегі проблемалардан назарды басқа жаққа аудару деп Э.Макронның рейтінгісін,

елдегі жұмыссыздықты тілге тиек етеді [44]. АҚШ президенті мәселені Э.Макронның жеке тұлғасымен байланыстырып саясиландыру арқылы өз мүдделерін жасыруға тырысуда. АҚШ өзінің гегемониясына қатер ретінде көріп отырған көппоярлы әлемнің қалыптасуына кедергі жасауда. Француз ресми тұлғалары, президент сөзін НАТО-дан тәуелсіз әскери құрылым құру емес, керісінше ЕО елдері арасындағы ынтымақтастықты қорғаныс саласында арттыру мақсатында тілге тиек еткен болатын деп түсіндіреді [45].

Негізінде ЕО-тың ортақ армиясын құрудың мақсатқа сай пайдалылығы туралы Украина дағдарысының пайда болуымен алғаш рет 6 наурыз 2015 жылы Германияның Қорғаныс министрі Урсула фон дер Ляйен айтқан болатын. Ол өз сөзінде, Украина секілді дағдарысты жағдайларда қауіпсіздік саласында Еуропалық саясатты нығайтудың қажеттілігін атап өткен. Германияның Қорғаныс министрінің сөзін қолдау мақсатында Еврокомиссияның төрағасы Жан-Клод Юнкер 8 наурыз 2015 жылы Welt am Sonntag атты неміс газетіне берген интервьюінде де, *«...ЕО-тың ортақ армиясы жалпы сыртқы саясат пен қауіпсіздік саясатын жүзеге асыруға септігін тигізер еді»* дейді[46]. Жан-Клод Юнкердің сөзін арадан үш жыл өткеннен кейін Германияның канцлері Ангела Меркиль сөзбе-сөз қайталайды [44]. Еуропа лидерлері ЕО-тың ортақ армиясы болуын көптен бері қалауда. Жалпы алғанда Еуропа елдері ортақ армия туралы әңгімені 1948 жылдан бері әртүрлі деңгейде көтеріп келе жатқан болатын.

АҚШ стратегі З.Бжезинский, ЕО саяси және әскери тұрғыдан біртұтас бірлік қалыптастыра алса, Еуразия құрылығында супер күшке айналатынын атап өткен [39, 87 бет]. Сондықтан АҚШ басшылығы ЕО-тың ортақ армия құру жобасына қарсы шығуда. ЕО өз армиясын құратын болса, оған қажетті қару-жарақты өздері өндіреді. Ал бұл өз кезегінде ЕО-ға қару-жарақ сатып пайда тауып отырған АҚШ әскери өндіріс кешендері үшін үлкен шығын. ЕО мемлекеттері арасындағы өзара сауда-экономикалық қарым-қатынас, яғни интеграция одан сайын тереңдете түсуіне себеп болады. Ал өз армиясы бар, өз қаруы бар, саяси бірлігін қалыптастырған ЕО-тың АҚШ-тың көмегіне жүгінуі еіталай. Жоғарыда атап өткеніміздей, Гитлер мен Сталиннің жасағанын қайталап, Еуразия құрылығында АҚШ-қа бақталас өзге мемлекеттермен (Ресей, Қытай) альянс құрып, АҚШ-ты Еуразияның тысына шеттетіп тастауы әбден мүмкін.

Болашақта бұған жол бермеу үшін АҚШ, ЕО-тағы дезинтеграциялық үдерістерге астыртын қолдау көрсетуде. АҚШ басшылығының Брекситке қолдау көрсетуі де, Марин Ле Пен секілді Еуропадағы әсіре ұлтшылдармен тіл табысуы да, ЕО-тың ортақ армиясының құрылуына қарсы келуі де осы себептен туындауда(Д.Трамп пен Марин Ле Пеннің саяси көзқарастары мен ұстанымдары ұқсас [47]).

**ЕО-тағы популизм**. АҚШ президенті Д.Трамптың сайлау алды науқанының идеологы әрі оның бұрынғы кеңесшісі Стив Бэннон Еуропада оңшыл популист қозғалысты жандандыру мақсатымен Брюсселде 2018 жылдың 25 шілдесінде «The Movement» орталығын ашты [48]. Бұл орталықтың мақсаты ЕО-ты ыдыратуға бағытталған деуге болады. Өйткені, С.Бэннон «The Movement» 2019 жылдың мамыр айында Европарламентке болатын сайлауда ұлтшылдардың, популистердің және евроскептиктердің жеңіп шығуы үшін ықпал жасауға күші жетеді дейді [48]. Ал бұл өз кезегінде ЕО-тағы интеграциялық үдерістердің тереңдеп жүруіне тіпті ЕО органдарының жұмыс істеуіне кедергі келтіреді. Американдық стратегтің таңдауында британдық евроскептик Найджела Фараджа, оңшыл француздардың көсемі Марин Ле Пен, Венгрияның премьер-министрі Виктор Орбан бар. Қою католик болған С.Бэннон үкімет құруда дағдарысқа ұшырап жатқан Италияға сосын Испанияға барып үкіметтің құрылуына көмектеседі. С.Бэннонның көмегімен билік басына келген ЕО-тағы саясаткерлер ЕО-тың ыдырауына қажетті алғы шарттарды жасайды. Яғни АҚШ Еуропада популист қозғалысты дамыту үшін С. Бэннонды арнайы жіберген деуге болады.

ЕО-тағы интеграциялық үдерістің тереңдеуіне кедергі келтіретін ұлтшылдық пен популизм саясатын жүргізуші саяси лидерлерге Ресей тарапынан қаржылай көмек берілгені

туралы ақпарат БАҚ-та жарияланған. Ресейдің «Роснефть» компаниясы Еуропалық әсіре оңшыл радикалдарға несие беруде қолданған компаниялардың біреуі ретінде көрсетілген. Атап айтқанда, бесінші колонна қалыптастыру мақсатында Франциядағы «Национальный фронт» партиясына (көсемі Марин Ле Пен) First Czech-Russian Bank арқылы 9 миллион еуро несие берген [49]. Ресейдің Франция әсіре ұлтшыл партиясы Ле Пеньге қаржылай көмек көрсеткендігі туралы ақпаратты «Медиапарт» француз ақпараттық порталы білдірген[50].

Бұндай ақпараттың жайылуына АҚШ-тың ықпалы бар деуге болады. Өйткені, ЕО-дағы ұлтшылдықты қоздырушы ретінде Ресей екені анықталса ЕО-тың Ресеймен болған ынтымақтастығы азаяды. Әрі АҚШ-тың Қырымға байланысты Ресейге қарсы санкциялары ЕО елдері тарапынан қолдау табуына әсер етеді. Осы орайда Қырымның Ресей тарапынан жасалған аншлюс ретінде БАҚ-та көрініс табуын да атап өткен жөн [51]. Ресейге қарсы санкцияға ЕО елдері қолдау көрсетпесе аншлюстің ЕО-та қайталануы мүмкін екендігін астарлап жеткізуде. Еуразия құрлығында ЕО пен Ресейдің өзара тығыз ынтымақтастық құруы АҚШ-тың мүддесіне қайшы. «Северный поток-2» газ құбырына қатысты ЕО пен Ресей арасындағы келісімдерге АҚШ-тың қарсы келуі осыған дәлел бола алады. Осылайша ЕО-тың Ресеймен одақтасу мүмкіншілігін азайтуда.

